**Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының**
**докторанты Бакеева Мадина Кайратжановнаның**
**6D040600- Режиссура мамандығы бойынша**
**философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған**
**«Қазақстан телевизиясында ұлттық контент құрудағы**
**режиссура генезисі мен даму перспективалары»**
**атты диссертациясына жазылған**

## ПІКІРІ

Телевизия - елдің медиакелбеті. Қоғамда, телевизияның орны ерекше, ықпалы зор. Ұлттық сананы оятып, саяси алаңда пікір қалыптастыратын құнды құрал. Ғаламтор ғаламды жаулап, әлемді баурап алса да, телевизия өзінің өзектілігін, әлі де болса жоғалтқан жоқ. Себебі, телевизия жаһандану дәуірінде, әлемдік стандарттарға сай дамудың даңғыл жолында. Телевизия ақпараттық және ойын сауық бағытында ғана емес, сонымен қатар, тәрбие беру, қоғамдық пікір мен ұлттық идеалогияны қалыптастыру үшін жұмыс жасайды.

Бакеева М.Қ **«Қазақстан телевизиясында ұлттық контент құрудағы режиссура генезисі мен даму перспективалары»** атты ғылыми жұмысы, телеарна мен режиссурадағы өзекті мәселелерді, сапалы контентті қалыптастырып, отандық арналарға ортақ мәселелерді ашады. Әлемдік медиа нарықпен қатар қарыштап дамуға бейімделген телеарнада қазақ тілді контентті сақтап қалу маңызды. Себебі, ол өз кезегінде ұлттық идеалогияны көтереді. Диссертацияның авторы, бағдарламалардың сапасын көтеріп қана қоймай, жаһандық стандарттарға сай, ұлттық контентті құрастырудың жолдарын көрсеткен. Белгілі бір бағдарламаны бастан аяқ жасап шығару үшін, кәсіби мамандар қажет. Сондықтан, бұл ғылыми зерттеуде, режиссердің телевизиядағы рөлі мен атқаратын қызметін, бағдарламаның болашағын бағдарлайтын режиссураның орнын айқындаған.

Бакеева М.К. зерттеу жұмысы теориялық тұрғыда ғана емес, тәжірибе жүзінде де қолдануға ыңғайлы ұсыныстар мен тұжырымдардан тұрады. Сондықтан, «Қазақстан телевизиясында ұлттық контент құрудағы режиссура генезисі мен даму перспективалары» атты зерттеу жұмысы бүгінгі телевизияның, келешегіне оң өзгерістер мен бірқатар толықтырулар енгізетініне күмәнім жоқ.

Атқарылған жұмысты ескере отырып, көтерілген тақырып аясында жақсы анализ жасалған. Телевизия кеңістігінде, бұл диссертациядағы тұжырымдамаларды тәжірибеде қолданып қана қоймай, медиакеңістікте көптеген шешемін таппай жүрген мәселелердің түйінін шешуге болады. «Қазақстан телевизиясында ұлттық контент құрудағы режиссура генезисі мен даму перспективалары» атты зерттеу жұмысы бүгінгі таңда телевизияда өзекті мәселе болып тұрған тақырыптардың үлесін көрсете білген. Диссертация мазмұны, ғылыми тілде, логикалық дәлелдермен келтірілген.

«Қазақстан телевизиясында ұлттық контент құрудағы режиссура

генезисі мен даму перспективалары» атты диссертациялық жұмыстың авторы, докторант Бакеева Мадина Кайратжановнаны 6D040600 «Режиссура» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

***Пікір білдіруші:*** ***Әбдіраман Алмат***

***«Алматы» телеарнасы Контент өндіру департаментінің директоры, ҚР Мәдениет саласының үздігі***

almat_83@list.ru

Almaty tv
«Оңтүстік Астана» ТРК» АҚ | АО «ТРК «Южная столица»
050057, Алматы қ., Ғабдуллин көш., 88а, тел: +7 (727) 275 01 01, факс: +7 (727) 275 01 02, e-mail: info@almaty.tv | 050057, г. Алматы, ул. Габдуллина, 88а, тел: +7 (727) 275 01 01, факс: +7 (727) 275 01 02, e-mail: info@almaty.tv

исх № 237
от 27.11.2020 г

# СПРАВКА

Дана о том, что **Әбдіраман Алмат,** ИИН 830930300029, действительно занимает в АО «Телерадиокомпания «Южная столица» должность *Директора департамента Департамента производства контента* с 11.02.2020 года по настоящее время.

Справка выдана для предъявления по месту требования.

**Менеджер по персоналу** **Э.Булюкпаева**